

АЛҒЫС АЙТАМЫЗ

Екібастұз қаласының әкімдігіне, мәслихатына, кәсіподақ ұйымына, №23 орта мектеп, №17 орта мектеп, №33 орта мектеп ұжымдарына, балабақшаларға, Жастар үйіне, балалар үйіне, директорлардың корпусына, оқушыларға, түлектерге, ата-аналарға, Екібастұздың ұйымдарына, жалпы барша қауымға сіңліміз Күләнда Асанқызы Катарованың қазасына байланысты қолдау көрсеткені үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

Әпкесі, ағасы, туыстары.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылғы 30 қазанда сағат 11.00-де ҚР Павлодар облысы, Төрт-Құдық а.о., Төрт-Құдық а., Фабричная көшесі, 10 (ауылдық клуб) мекенжайында «KAZ Minerals Bozshakol» ЖШС (KAZ Minerals Bozshakol) әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттардың материалдары (қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобалары, қалдықтарды басқару бағдарламасы, экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері) бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Тыңдаудың Zoom платформасында өткізілетін видеоконференциясына мына сілтеме арқылы қатысуға болады:

<https://us06web.zoom.us/j/86065453886?pwd=eObtFyZDIyHRBjXpOkE8b1N3BxsG3Q.1>

Идентификатор: 860 6545 3886, кіру коды: 812658.

Конференцияға қосылу сұрақтары бойынша 8-777-064-98-95 телефонына хабарласуға болады.

Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электронды пошта: тел.: 8-701-027-26-45, e-mail: KBL.Environmental@kazminerals.com.

Тапсырыс беруші: «KAZ Minerals Bozshakol» ЖШС (KAZ Minerals Bozshakol), БСН 090540005490, ҚР, Павлодар облысы, Екібастұз Г.А., Төрт-Құдық а.о., Төрт-Құдық а., №13 ғимарат.

Әзірлеуші: «Green Benefits» ЖШС; БИН 140640025044; ҚР, Астана қ., Сығанақ көш., 47; тел.: 8-777-064-98-95.

Жергілікті атқарушы орган — «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ.

Жоба бойынша құжаттамалар Қоршаған ортаның жағдайы және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкі — <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> сайтында жарияланған.

Ескертпелер мен ұсыныстар <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, unosvr@mail.ru электрондық пошталары арқылы қабылданады.

ЖЕР УЧАСКЕСІН САТАМЫН

25 сотық жер учаскесін сатамын. Үй салу үшін, сондай-ақ, ауыл шаруашылығына, жылыжайға, жылқы шаруашылығына пайдалануға болады. Учаскеде су өткізуге арналған қосымша 3 нүкте бар.

Мекенжайы: Екібастұз қаласы,

Бөйет ауылы.

Тел.: 8 701 390 9545, 8 777 815 1071.

Жарнама бөлімі
34-18-94

ҚАЙҒЫЛЫ ХАБАР ЖҮРЕКТІ СЫЗДАТАДЫ

Білім беру саласында ұзақ жылдар бойы табанды еңбек етіп, мектебіміздің өсіп-өркендеуіне орасан үлес қосқан ардақты ұстаз, білікті басшы, аяулы әріптесіміз Күләнда Асанқызы Катарова мезгілсіз өмірден өтті деген суыт хабар қабырғамызды қайыстырды.

Ол кісі жылдар бойы Екібастұз қаласының №17 жалпы орта мектебінде директор қызметін абыроймен атқарып, талай шәкіртке білім мен тәрбие беріп, ұжымға өнеге көрсетті.

Сабырлы мінезі, адами асқақ қасиетімен әріптестерінің құрметіне, ел-жұрттың алғысына бөленіп еді.

Оның артында қалдырған ізі, сіңірген еңбегі ұмытылмайды.

Қайғырып, қабырғасы қайысқан отбасына, туған-туыстарына, барша жақындарына көңіл айтамыз.

Топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.



№ 17 ЖОББМ ұжымы

Құрметті Екібастұз қаласының тұрғындары!

2025 жылғы 19-22 қыркүйек аралығында Екібастұз қаласында су құбырларына алдын алу дезинфекциясы жүргізіледі. Осы кезеңде суды арнайы тұндырып, қайнатқан соң ғана тұтынуды, өсімдіктер мен малды суармауды сұраймыз.

Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім өтінеміз.

«Горводоканал» МКК әкімшілігі

«УЧАСКЕ» ШАРАСЫ

35 АЗАМАТ МӘЖБҮРЛІ ТҮРДЕ ЕМДЕЛДІ

Екібастұз өңірінің аумағында жыл басынан бері маскүнемдіктен зардап шеккен 35 азамат мәжбүрлеп емдеуге жіберілген көрінеді.

— Бүгінгі таңда ішкі істер органдарында маскүнемдіктен зардап шегетін мыңнан астам адам және 158 нашакор есепте тұр. Олардың әрқайсысы учаскелік полиция инспекторларының ерекше бақылауында. Полиция қызметкерлері құқық бұзушылықтарға «нөлдік төзімділік» қағидатын іске асыру бойынша жұмысты жалғастыруда, — деп хабарлады Екібастұз қаласы ПБ жергілікті полиция қызметі бөлімі бастығының міндетін атқарушы Медет Бейсенов.

Сондай-ақ, полиция азаматтарды әлеуметтік жауапкершілік танытуға және емделуден оралған адамдарды оналту және бейімдеу процесіне жәрдемдесуге шақырады. Тек бірлескен күш-жігермен ғана құқық бұзушылықтың тұрақты алдын алуға және қоғамдық тәртіпті сақтауға қол жеткізуге болады.

— Емдеу курсынан өткеннен кейін азаматтарды қалыпты ортаға қайтару — жеке адамды қалпына келтіруге жасалған қадам ғана емес, сонымен қатар, бүкіл қоғамның денсаулығы мен әл-ауқатына қосылар маңызды үлес, — дейді полицейлер.

Ж.АЙТЫШ

ЗЕЙНЕТАҚЫ САЯСАТЫ

БІРЖОЛҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының қолданысы 01.01.2026 ж. дейін бекітілген Салық кодексіне 2025 ж. 15 шілдеде енгізілген өзгерістерге байланысты, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 346-бабының 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар (мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалардың ата-аналары (қамқоршылары), ұрыс қимылдарының қатысушылары және т.б.) үшін біржолғы зейнетақы төлемдері (бұдан әрі — БЗТ) түріндегі табыстарға стандартты салықтық шегерімдерді қолдануға талап қоюдың ескіру мерзімі 5 жылды құрайды.

01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізілетін Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексіне сәйкес, аталған тұлғалар үшін БЗТ түріндегі табыстарға стандартты

салықтық шегерімдерді қолдануға талап қою мерзімі 3 жылды құрайтын болады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Салық кодексі 01.01.2026 ж. бастап күшін жоятынын назарға ала отырып, егер сіз 2021-2022 жж. БЗТ алған болсаңыз және Салық кодексінің 346-бабының 1-тармағының 2) және (немесе) 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар санатына жататын болсаңыз және стандартты салықтық шегерімді қолданбаған не толық көлемде қолданбаған (салық заңнамасында белгіленген шектерде, оның ішінде табыстың басқа түрлері бойынша) болсаңыз, сізге:

2025 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірілмейтін мерзімде жақын жердегі БЖЗҚ кеңсесіне жүгіну қажет;

мүгедектіктің белгіленгенін растайтын құжаттарды қоспағанда, растайтын құжаттарды ұсыну қажет;

өтініш беру қажет.

Толығырақ: <https://www.enpf.kz/ru/services/tax/57500/>.

Сұрақтар туындаған жағдайда сіз 8 (727) 356 10 60 (қалааралық және халықаралық қоңыраулар), 1418 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) нөмірлері арқылы Байланыс орталығына хабарласа аласыз.

Гуля ОМАРОВА,

«БЖЗҚ» АҚ Павлодар облыстық филиалының Екібастұз қаласындағы қызмет көрсету орталығының бастығы



МЕНШІК ИЕСІ:

«Екібастұз дауысы — ақпараттық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

АЙНҰР МЕЙРАМОВА

Тел.: 34-17-75
(қабылдау бөлмесі)

Редактор:

ЖАНАРГҰЛ ҚАДЫРОВА

Редактордың орынбасары:

ЖАССЕРІК СӘДУАҚАС

Жауапты хатшы:

ГҮЛСАНА МЕДЕУБАЙ

Тілші:

ДІЛНАЗ СЕРІКБАЙ

Аға оператор-бет қаттаушы:

ӨСЕЛ АЛТЫШЕВА

Редакцияның мекенжайы:

141202, Екібастұз қаласы
Мәшһүр Жүсіп көшесі,
46-үй, 1-қабат
Телефон: 40-06-19

Жарнама бөлімі: 34-18-94

Маркетинг және тарату бөлімі: 34-18-94

Электрондық пошта:
Otarka92@gmail.com

Таралымы: 3000

Тапсырыс: № 181

Индекс 63700

Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні қазақ тілінде шығады. Көлемі 3 б. т. Газетке 17.09.2025 ж. сағат 18.00-де қол қойылды.

Автордың жеке пікірі үшін редакция жауап бермейді.

Қолжазба, фотосурет авторға қайтарылмайды. «Отарқада» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылы 28.08.тіркеліп, №12979-Г куәлігі берілген. Газет редакцияда компьютермен теріліп, беттеліп, Астана қаласындағы «Импрайм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі баспаханасында басылды. Астана қаласы Жұбанов к-сі, 24/1